

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Мақан Есболатов атындағы  
Алматы академиясы Ғылыми кеңес мәжілісінің  
№ 9 хаттамасы**

Алматы қ.

2025 ж. 28 мамыр

Қатысқандар – 34 адам,  
оның ішінде Ғылыми кеңестің мүшелері – 27.

**Күн тәртібінде:**

1. «Электронные датчики и преобразователи» / «Электронды сенсорлар мен түрленгіштер» атты оқу құралын талқылау туралы.

Киберқауіпсіздік және ақпараттық технологиялар кафедрасының бастығы, полиция подполковнигі Р. Кадырованың ақпараты.

2. «Составление уголовно-процессуальных актов досудебного производства» атты оқу құралын талқылау туралы.

Қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының профессоры, з.ғ.к., полиция майоры Б. Сарсенбаеваның ақпараты.

3. Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы Кәсіби даярлық факультетінің құқық қорғау қызметін басқару кафедрасының бастығы, полиция полковнигі Майя Булатовна Токсановаға «қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағына ұсынысты қарастыру туралы.

Ғылыми кеңестің ғалым хатшысы, философия докторы (PhD), полиция полковнигі А.А. Абдихаликовтың ақпараты.

4. Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы Кәсіби даярлық факультетінің қылмыстық құқық және криминология кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты Адилхан Кошкенович Батырбаевқа «қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағына ұсынысты қарастыру туралы.

Ғылыми кеңестің ғалым хатшысы, философия докторы (PhD), полиция полковнигі А.А. Абдихаликовтың ақпараты.

5. Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясының Ғылыми кеңесінің, Оқу-әдістемелік кеңесінің және Ғылыми-әдістемелік кеңесінің Ережелерін бекіту туралы.

Ғылыми кеңестің ғалым хатшысы, философия докторы (PhD), полиция полковнигі А.А. Абдихаликовтың ақпараты.

6. Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы Ғылыми кеңесінің жаңа мүшелерін құру туралы.

Ғылыми кеңестің ғалым хатшысы, философия докторы (PhD), полиция полковнигі А.А. Абдихаликовтың ақпараты.

**Төраға:** Құрметті Ғылыми кеңес мүшелері! Ғылыми кеңес мүшелерінің келу парағына сәйкес 3/2 астам мүшелер қатысып отыр. Ғылыми кеңестің отырысын өткізуге кворум бар. Ғылыми кеңестің отырысын бастауға ұсыныс бар. Қарсылық жоқ па?

**Кеңес мүшелері:** Қарсылық жоқ.

**Төраға:** Күн тәртібінің бірінші сұрағы - «Электронные датчики и преобразователи» / «Электронды сенсорлар мен түрленгіштер» атты оқу құралын

талқылау туралы. Сөз Киберқауіпсіздік және ақпараттық технологиялар кафедрасының бастығы, полиция подполковнигі Р. Кадыроваға беріледі.

**Р. Кадырова:** Құрметті төраға, құрметті кеңес мүшелері!

Академияның ғылыми-зерттеу қызметі жоспарына сәйкес, Киберқауіпсіздік және ақпараттық технологиялар кафедрасының бастығы, полиция подполковнигі Р.Т. Кадырова, сондай-ақ PhD докторы Н.К. Смайлов және кафедраның аға оқытушысы, полиция аға лейтенанты, PhD докторы Ә.М. Сәбиболда бірлесіп, «Сенсорлар мен электронды түрлендіргіштердің заманауи технологиялары» тақырыбында оқулық әзірледі.

Оқулық сегіз мазмұнды тараудан тұрады, онда заманауи өлшеу, ақпараттық және басқару жүйелерінде қолданылатын датчиктерді жобалау мен талдаудың теориялық және практикалық аспектілері қамтылған:

1. Датчиктер туралы жалпы түсініктер мен жіктелуі – негізгі терминдер, әрекет ету принциптері, датчиктердің типологиясы мен физикалық негіздері сипатталады.

2. Өлшеу түрлендіргіштер теориясы – энергетикалық тәсілдер, аналогиялар және эквиваленттік схемалар негізінде жалпы теория элементтері баяндалады.

3. Датчиктердің сипаттамалары – әртүрлі сенсорлардың статикалық, метрологиялық және динамикалық параметрлері қарастырылады.

4. Датчиктердің электрондық сұлбалары – күшейткіштер, аналого-сандық түрлендіргіштер, сигнал генераторлары және интерфейстік элементтер талданады.

5. Серпімді элементтер – деформациялық түрлендіргіштерге арналған материалдар, конструкциялар және есептік қатынастар ұсынылған.

6. Оптикалық компоненттер – фотометриялық элементтерге, жарық өткізгіштерге, линзалар мен шағылдырғыштарға шолу беріледі.

7. Резистивті, сыйымдылықты және пьезоэлектрлік датчиктер – әртүрлі салаларда қолдану ерекшеліктерімен қатар кеңейтілген классификация берілген.

8. Интеллектуалды сенсорлық жүйелерді жобалау және қолдану ерекшеліктері – цифрлық өңдеу, микро- және наноинтеграция бағытындағы заманауи үрдістер, сондай-ақ автоматтандырудағы сенсорлардың рөлі ашып көрсетіледі.

Оқулықта сенсорлық жүйелердің теориялық және қолданбалы негіздері, олардың әрекет ету физикалық принциптері, метрологиялық параметрлері мен динамикалық сипаттамалары жан-жақты талданады. Датчиктерді функционалдық мақсатына, физикалық шамаларды түрлендіру тәсіліне және әртүрлі салалардағы пайдалану шарттарына қарай нақты жіктеу мен стандарттаудың маңыздылығы атап өтіледі. Қателіктерді талдау, калибрлеу және басқару жүйелерімен шығыс сигналдарын сәйкестендіру әдістемелеріне ерекше көңіл бөлінген.

Оқулықта сондай-ақ датчиктерді заманауи электрондық модульдермен және цифрлық интерфейстермен біріктіру мәселелері қарастырылған. Оптикалық, пьезоэлектрлік және резистивті элементтер негізіндегі гибриді және интеллектуалды сенсорлық түйіндерді құру қағидаттары, аналого-сандық түрлендіргіштер мен күшейткіш каскадтарды қолдану жолдары сипатталады. Сонымен қатар, сенсорларды киберфизикалық жүйелер мен «Заттар интернеті» (IoT) шеңберінде пайдалану перспективаларына назар аударылған, бұл қазіргі жағдайларда мониторинг, басқару және техникалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тиімділігін арттыру үшін өзекті болып табылады.

Оқулық оқытушыларға, курсанттарға, магистранттарға, сондай-ақ сенсорлық және басқару жүйелерін жобалаумен және пайдаланумен айналысатын техникалық бөлімшелер қызметкерлеріне арналған.

Оқулық материалы Академияның білім беру процесінде, инженерлік-техникалық мамандарды даярлау және ішкі істер органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жүйесінде қолдануға ұсынылады.

Аталған оқу құралы М. Есболатов атындағы ҚР ІІМ Алматы академиясының Киберқауіпсіздік және ақпараттық технологиялар кафедрасында әзірленген және оқу-әдістемелік әрі практикалық қызметте қолдануға ұсынылады.

Рецензенттер:

Чукумов Г.Б. – М. Есболатов атындағы ҚР ІІМ Алматы академиясы, жоспарлау және бақылау бөлімінің бастығы, PhD, полиция подполковнигі;

Тайсариева К.Н. – PhD, Satbayev University «Электроника, телекоммуникациялар және ғарыштық технологиялар» кафедрасының қауымдастырылған профессоры.

Оқулық М. Есболатов атындағы ҚР ІІМ Алматы академиясының Киберқауіпсіздік және ақпараттық технологиялар кафедрасының мәжілісінде талқыланды, хаттама № 9, 08.05.2025 ж.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің М. Есболатов атындағы Алматы академиясының ғылыми-әдістемелік кеңесінің отырысында қаралып, мақұлданды (2025 жылғы «15» мамырдағы №5 хаттама).

**Төраға:** Кімде қандай сұрақтар мен ұсыныстар болады?

**Кеңес мүшелері:** Қолдаймыз.

#### **Шешім:**

«Электронные датчики и преобразователи» / «Электронды сенсорлар мен түрленгіштер» атты оқу құралы ашық баспада шығаруға ұсынылсын.

**Төраға:** Күн тәртібінің келесі сұрағы – «Составление уголовно-процессуальных актов досудебного производства» атты оқу құралын талқылау туралы. Сөз Қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының профессоры, з.ғ.к., полиция майоры Б. Сарсенбаеваға беріледі.

**Б. Сарсенбаева:** "Составление уголовно-процессуальных актов досудебного производства" оқу құралын Қазақстан Республикасы ІІМ М.Есболатов атындағы Алматы академиясының қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының профессоры з.ғ.к., полиция майоры Б. Б. Сарсенбаева дайындады.

Пікірлер Қарағанды облысы прокурорының орынбасары аға әділет кеңесшісі, з.ғ.к. Е.А. Джубанов, Санкт-Петербург Кәсіподақтар гуманитарлық университетінің Алматы филиалының құқық, Жалпы және әлеуметтік психология кафедрасының профессоры, з.ғ.к., доцент С. Шалтақбаев және Қазақстан Республикасы ІІМ М.Есболатов атындағы Алматы академиясының Құқық қорғау қызметін басқару кафедрасының профессоры з.ғ.д., профессор А. Аубакировадан оқу, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік қызметке енгізу және басып шығару ұсынымдарымен алынды.

Жұмыс қылмыстық құқық бұзушылықтарды сотқа дейінгі тергеп-тексеру, атап айтқанда қылмыстық іс бойынша қылмыстық іс жүргізу актілерін жасау мәселелерін қамтиды. Материал қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу заңнамасын, қылмыстық процестің және сот сараптамасының олқылықтары туралы қазіргі заң әдебиеттерін талдау негізінде баяндалған.

Оқу құралы ІІМ арнаулы оқу орындарының білім алушыларына, магистранттарға, докторанттарға, жоғары оқу орындарының оқытушыларына және Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының практикалық қызметкерлеріне арналған.

15.05.2025 жылы "Составление уголовно-процессуальных актов досудебного производства" оқу құралы Қазақстан Республикасы ІІМ М.Есболатов атындағы Алматы академиясының ғылыми әдістемелік кеңесінде талқыланды (15.05.2025 жылғы №5 хаттама) және ғылыми кеңеске ұсынылды.

**Төраға:** Кімде қандай сұрақтар мен ұсыныстар болады?

**Кеңес мүшелері:** Қолдаймыз.

### **Шешім:**

«Составление уголовно-процессуальных актов досудебного производства» атты оқу құралы ашық баспада шығаруға ұсынылсын.

**Төраға:** Күн тәртібінің үшінші сұрағы – Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы Кәсіби даярлық факультетінің құқық қорғау қызметін басқару кафедрасының бастығы, полиция полковнигі Майя Булатовна Токсановаға «қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағына ұсынысты қарастыру туралы. Сөз Ғылыми кеңестің ғалым хатшысы, философия докторы (PhD), полиция полковнигі А.А. Абдихаликовке беріледі.

**А.А. Абдихаликов:** Құрметті төраға, құрметті кеңес мүшелері!

Ғылыми атаққа үміткер – Токсанова Майя Булатовна, 1.05.1969 ж.т. Лауазымы - Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясының кәсіби даярлық факультеті құқық қорғау қызметін басқару кафедрасының бастығы (24.08.2023 ж. №193 ж/қ. бұйрығы). Атағы - полиция полковнигі.

Білімі жоғары - құқықтық, экономикалық және педагогикалық;

- 1994 жылы - А.С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтты бітірді. Орыс тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша толық курсын бітіріп, орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі біліктілігі берілді;

- 2001 жылы ҚР ІІМ Академиясының кәсіпорындағы экономика және менеджмент мамандығы бойынша толық курсын бітіріп, өндірісті ұйымдастыру бойынша инженер біліктілігі берілді;

- 2016 жылы өңірлік әлеуметтік-инновациялық университетті құқықтану мамандығы бойынша бітіріп, құқық бакалавры дәрежесі берілді.

Полиция полковнигі Майя Булатовна Токсанова Ішкі істер органдарында 1990 жылдан бері қызмет етіп келеді.

1990 жылдың желтоқсан айынан 2017 жылдың қараша айына дейін - Алматы қаласы ПД бөлімшелерінің әртүрлі лауазымдарында қызмет еткен.

Педагогикалық қызмет өтілі:

- 28.06.2018 ж. бастап 11.11.2019 ж. дейін – М. Есболатов атындағы ҚР ІІМ Алматы академиясы заң институтының күндізгі оқу факультетінің (№2 факультет) әкімшілік-құқықтық пәндер кафедрасының доценті (бұйрық № 60 ж/қ, 28.06.2018 ж.);

- 11.11.2019 ж. бастап 24.11.2022 ж. дейін - М. Есболатов атындағы Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясының күндізгі оқыту факультетінің (№2 факультеті) кәсіби-психологиялық даярлық кафедрасының доценті (бұйрық № 353 ж/қ, 11.11. 2019 ж.);

- 24.11.2022 ж. бастап 10.05.2023 ж. дейін - М. Есболатов атындағы Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясының кәсіби даярлық факультетінің кәсіби-психологиялық даярлық кафедрасының доценті (24.11.2022 ж. №278 ж\қ бұйрығы);

- 23.05.2023 ж. бастап 24.08.2023 ж. дейін- М. Есболатов атындағы Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясының кәсіби даярлық факультетінің әкімшілік-құқықтық пәндер кафедрасының профессоры (25.05.2023 ж. № 122 ж\қ бұйрық);

- 24.08.2023 ж. бастап осы күнге дейін Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы құқық қорғау қызметін басқару кафедрасы бастығы лауазымында қызмет атқарады (24.08.2023 ж. № 193 ж\қ бұйрығы).

Ғылыми-педагогикалық қызметтің үздіксіз өтілі 7 жыл 6 айды құрайды.

М.Б. Токсановамен жарияланды: 19 ғылыми мақала, уәкілетті орган ұсынған басылымдарда - 13, өзге басылымдарда - 6.

Оның ішінде жеке жазылған монография: Қазақстан Республикасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жүйесі: Монография. - Алматы: Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясының ҒЗЖРБЖҰБ, 2023. Ғылыми кеңестің 2023 жылғы 27 желтоқсандағы отырысында талқыланды. ISBN 978-601-360-108-3, УДК 343.2/.7 ББК 67.408 Т51; 2023 -134 ББ.

Токсанова М. Б. оқу құралдарын дайындау бойынша авторлық ұжымның мүшесі болып табылады:

- Организационно-правовая деятельность сотрудников ОВД по профилактике правонарушений среди несовершеннолетних. Алматы: Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясының ҒЗЖРБЖҰБ. ISBN 978-601-360-078-9, УДК 343.2/.7 ББК 67.408 Т51; 2023 -86 ББ.

- Организация деятельности органов внутренних дел в чрезвычайных условиях. Алматы: Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясының ҒЗЖРБЖҰБ. УДК 351.74.(075.8) ББК 67.401.213.73. ISBN 978-601-360-026-0 2022-118 бет.

Сонымен қатар, ІІО қызметін жетілдіру бойынша 3 шығармашылық жұмысқа авторлық құқық туралы куәлігі бар.

Соңғы 5 жылда жарияланған М. Б. Токсанованың ғылыми еңбектерінің толық тізімі және талаптарға сәйкес ізденуші туралы анықтама Академияның ресми сайтында орналастырылды (орналастыру күні - 2025 жылғы 22 сәуір).

М.Б. Токсанова қызметтік және педагогикалық қызметтегі еңбегі үшін академия басшылығы, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі тарапынан бірнеше рет көтермеленген.

Осылайша, М.Б. Токсанова Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 128 бұйрығымен бекітілген ғылыми атақтар беру қағидаларының (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор) 4-6-тармақтарына қойылатын барлық талаптарға сәйкес келеді.

Баяндалғанның негізінде Ғылыми кеңестен Токсанова Майя Булатовна «50500 – Құқық» ғылыми бағыты бойынша «қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағын беру туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті алдында өтініш жолдауға қолдауыңызды сұраймын.

**Төраға:** Кафедра бастығы Майя Булатовна біздің академияда көптен бері жұмыс істеп келеді және осы уақыт ішінде өзін ерекше көшбасшы және кәсіпқой қызметкер ретінде орнықтырды. Еңбексүйгіштігі мен құзырлылығының арқасында

оның басқарып отырған кафедрасы біздің академиядағы үздік кафедралардың бірі болып табылады. Оның жетістіктері мен академияның дамуына және оқу процесіне қосқан үлесі оны осы құрметті атаққа лайықты етеді. «Қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағын алуға Майя Булатовна Токсановаға қолдау көрсетулеріңізді сұраймын.

**Кеңес мүшелері:** Қолдаймыз.

**Төраға:** Дауыс берулеріңізді сұраймын, Майя Булатовна Токсановаға «50500 – құқық» ғылыми бағыты бойынша «қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағына ұсынуды қолдайтындар қолдарын көтерсін.

Барлығы қолдарын көтерді.

Қарсы немесе қалыс қалғандар барма?

**Кеңес мүшелері:** жоқ.

**Төраға:** Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне, Майя Булатовна Токсановаға "50500 – құқық" ғылыми бағыты бойынша «қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағын беру туралы өтінішті қолдау бойынша дауыс беру бір ауыздан шешілді.

### **Шешім:**

Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы Кәсіби даярлық факультетінің құқық қорғау қызметін басқару кафедрасының бастығы, полиция полковнигі Майя Булатовна Токсанова "50500 – құқық" ғылыми бағыты бойынша «қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағына ұсынылсын.

**Төраға:** Күн тәртібінің келесі сұрағы Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы Кәсіби даярлық факультетінің қылмыстық құқық және криминология кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты Адилхан Кошкенович Батырбаевқа «қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағына ұсынысты қарастыру туралы. Сөз Ғылыми кеңестің ғалым хатшысы, философия докторы (PhD), полиция полковнигі А.А. Абдихаликовке беріледі.

**А.А. Абдихаликов:** Ғылыми атаққа үміткер – Батырбаев Адылхан Кошкенович, 29.03.1966 ж.т. Лауазымы - Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясының кәсіптік даярлық факультеті қылмыстық құқық және криминология кафедрасының профессоры. (Бұйрық №169 ж/қ 13.07.2023 ж.). Атағы-полиция полковнигі (отставкада).

Білімі – жоғары, 1994 жылы Ресей Федерациясының ІІМ Санкт – Петербург заң институтын бітірген. Біліктілігі-заңгер.

Батырбаев Адылхан Кошкенович Ішкі істер органдарында 1986 жылдан бері қызмет етіп келеді.

1988 жылдан 1990 жылдары Алматы облысы ІІБ ЛА – 155/10 және ЛА – 155/6 Мекемесінде сотталғандардың еңбегін ұйымдастыру жөніндегі инженер лауазымын атқарған.

1990 – 1994 ж.ж.. Ресей Федерациясының ІІМ Санкт-Петербург заң институтын бітірген (Біліктілігі-заңгер).

1994 - 1996 жылдары Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы Жоғарғы Мектебінде қылмыстық құқық кафедрасында оқытушы лауазымында қызмет атқарған.

1996 - 1998 жылдары Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы Жоғарғы Мектебінде қылмыстық құқық кафедрасында аға оқытушы лауазымында қызмет атқарған.

1998 - 1999 жылдары Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы заң колледжінде жалпы заң пәндер кафедрасында аға оқытушы лауазымында қызмет атқарған.

1999 - 2001 Алматы қаласында ІІО ІҚБ КПБ 1- бөлімінде жедел уәкіл, аса маңызды істер бойынша жедел аға уәкіл лауазымында қызмет атқарған.

2001 - 2004 жылдары Қазақстан Республикасы ІІМ заң институтының күндізгі оқу факультетінің (факультет №2) қылмыстық құқықтық саясат және криминология кафедрасында оқытушы лауазымында қызмет атқарған.

2004 - 2011 жылдары Қазақстан Республикасы ІІМ заң институтының қылмыстық құқық және криминология кафедрасының аға оқытушы лауазымында қызмет атқарған.

2011 - 2023 жылдары Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясында қылмыстық құқық және криминология кафедрасында доцент лауазымында қызмет атқарған.

13.07.2023 жылдан қазіргі уақытқа дейін Қазақстан Республикасы ІІМ мақан Есболатов атындағы Алматы академиясында профессор лауазымында қызмет атқарады.

2009 жылы «12.00.08: қылмыстық құқық және криминология; қылмыстық атқарушылық құқығы» мамандығы бойынша заң ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациясын сәтті қорғады / 22 Сәуір 2009 ж. / №0002836 ҒК дипломы (№4 хаттама).

Ғылыми-педагогикалық қызметтің үздіксіз өтілі 29 жылды құрайды, оның ішінде: жоғары оқу орнының доцентінен төмен емес лауазымда ғылыми дәреже берілгеннен кейін (2009 жыл) - 13 жыл 10 ай.

А.К. Батырбаев «Заң ғылымдарының кандидаты») ғылыми дәрежесін алғаннан кейін: 18 ғылыми мақала жарияланды, оның ішінде уәкілетті орган ұсынған басылымдарда - 12, өзге де басылымдарда - 6.

Оның ішінде жеке-дара жазылған монография: Билік өкіліне қатысты күш қолданудың қылмыстық құқықтық және криминологиялық сипаттамасы. Монография. - Алматы: Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясының ҒЗЖРБЖҰБ, 2023. - 208 б. Ғылыми кеңестің 2023 жылғы желтоқсандағы отырысында талқыланды.

А.К. Батырбаев авторлық ұжым құрамында келесі оқу құралдарын дайындауға қатысты:

- «Криминология» оқу құралы. Алматы: ҚР ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясының ҒЗЖРБЖҰБ, 2022.

А.К. Батырбаевтың «заң ғылымдарының кандидаты» ғылыми дәрежесі алғаннан кейін жарияланған ғылыми еңбектерінің толық тізімі және талапкер туралы анықтама Академияның ресми сайтында орналастырылды (орналастыру күні - 2025 жылғы 23 сәуір).

А.К. Батырбаев қызметтік және педагогикалық қызметтегі еңбегі үшін академия басшылығы тарапынан бірнеше рет көтермеленген.

Осылайша, А.К. Батырбаев Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 128 бұйрығымен бекітілген ғылыми атақтар беру қағидаларының (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор) 4-5-тармақтарына қойылатын барлық талаптарға сәйкес келеді.

Баяндалғанның негізінде Ғылыми кеңестен Батырбаев Адылхан Кошкеновичке «50500 – Құқық» ғылыми бағыты бойынша «қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағын беру туралы өтінішті Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім сапасында сапаны қамтамасыз ету комитетіне жолдауға қолдауыңызды сұраймын.

**Төраға:** Адылхан Кошкеновичтің қылмыстық құқық және криминология кафедрасын дамытуға көп жылдық үлес қосқанына, сондай-ақ мамандарды даярлауға елеулі ғылыми және педагогикалық үлес қосқанына баршаңызға мәлім. Оның еңбекқорлығы, жоғары біліктілігі және академиялық қағидаттарға адалдығы ерекше мойындауға лайық.

1994 жылдан бері Батырбаев Адылхан Кошкенович ғылыми зерттеулерге елеулі үлес қосып, курсанттар мен жас ғалымдарға қылмыстық құқықтың күрделі аспектілерін меңгеруге көмектесті, әдістемелік құралдар мен оқу материалдарының қатарын қалыптастырды. Оның іске адалдығы және білімді беру ұмтылысы оны Академияның профессорлық құрамының көрнекті өкілі етеді.

Осылайша, Адылхан Кошкеновичке қауымдастырылған профессор (доцент) атағын беру оның Академия мен ғылыми қауымдастық алдындағы жетістіктері мен еңбегін әділетті түрде мойындау болып табылады.

**Кеңес мүшелері:** Қолдаймыз.

**Төраға:** Дауыс берулеріңізді сұраймын, Адылхан Кошкенович Батырбаевқа «50500 – құқық» ғылыми бағыты бойынша «қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағына ұсынуды қолдайтындар қолдарын көтерсін.

Барлығы қолдарын көтерді.

Қарсы немесе қалыс қалғандар барма?

**Кеңес мүшелері:** жоқ.

**Төраға:** Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне, Адылхан Кошкенович Батырбаевқа "50500 – құқық" ғылыми бағыты бойынша «қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағын беру туралы өтінішті қолдау бойынша дауыс беру бір ауыздан шешілді.

### **Шешім:**

Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы Кәсіби даярлық факультетінің қылмыстық құқық және криминология кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты Адылхан Кошкенович Батырбаев "50500 – құқық" ғылыми бағыты бойынша «қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағына ұсынылсын.

**Төраға:** Күн тәртібінің келесі сұрағы - Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясының Ғылыми кеңесінің, Оқу-әдістемелік кеңесінің және Ғылыми-әдістемелік кеңесінің Ережелерін бекіту туралы. Сөз Ғылыми кеңестің ғалым хатшысы, философия докторы (PhD), полиция полковнигі А.А. Абдихаликовқа беріледі.

**А.А. Абдихаликов:** 2025 жылғы 1 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында алқалы басқару органдарының жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 157 бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Мақан Есболатов атындағы Алматы

академиясының Ғылыми кеңесі, Оқу-әдістемелік кеңесі және Ғылыми-әдістемелік кеңесі туралы ережелерге бірқатар өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

Негізгі өзгерістерге тоқтала кетсек:

1. Үлгілік қағидалардың 7-тармағына сәйкес алқалы басқару органдарының құрамына Академия бастығы, бастықтың орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, профессорлық-оқытушылар құрамының, Академияның ауыспалы құрамының және қоғамдық ұйымдарының, жұмыс берушілердің өкілдері енгізілетін болады.

2. Кеңес құрамын Академияның алқалы басқару органдарының құрамын қалыптастыру жөніндегі комиссия сайлайтын болады.

3. Үлгілік қағидалардың 9-тармағына сәйкес Кеңестің төрағасы және оның орынбасары Кеңес мүшелерінің арасынан көпшілік дауыспен сайланады.

4. Үлгілік қағидалардың 13-тармағына сәйкес алқалы басқару органдарының хаттамасын кеңестің хатшысы отырыстан кейін 3 жұмыс күні ішінде жасайды, және Академияның ресми сайтында орналастырылады.

Баяндалғанның негізінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Мәкен Есболатов атындағы Алматы академиясы академиясының Ғылыми кеңесі туралы ережені, Оқу-әдістемелік кеңесі және Ғылыми-әдістемелік кеңесі туралы жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекітулеріңізді сұраймын.

**Төраға:** Кімде қандай сұрақ бар?

**Кеңес мүшелері:** Бекітілсін.

#### **Шешім:**

1. Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясының Ғылыми кеңесінің Ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясының Оқу-әдістемелік кеңесінің жұмысын ұйымдастыру қағидалары бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің жұмысын ұйымдастыру қағидалары бекітілсін.

**Төраға:** Күн тәртібінің келесі сұрағы - Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы Ғылыми кеңесінің жаңа мүшелерін құру туралы. Сөз Ғылыми кеңестің ғалым хатшысы, философия докторы (PhD), полиция полковнигі А.А. Абдихаликовқа беріледі.

**А.А. Абдихаликов:** Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2025 жылғы 1 сәуірдегі № 157 «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының алқалы басқару органдары жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына және Алматы академиясындағы кадрлық өзгерістеріне байланысты Ғылыми кеңесінің жеке құрамына өзгерістер енгізу қажеттілігі туындады.

Ғылыми кеңесі мүшелерінің құрамына 27 мүше енгізілуі көзделіп отыр.

Ғылыми кеңесі төрағасының орынбасары:

- Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясы бастығының орынбасары, з.ғ.к., профессор, полиция полковнигі Ержан Малаевич Бимолданов.

Ғылыми кеңестің хатшысы:

- Ғылыми кеңестің ғалым хатшысы, философия докторы (PhD), полиция полковнигі Абзал Абдисаттарович Абдихаликов.

Ғылыми кеңесінің мүшелері:

- Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясы бастығының орынбасары, з.ғ.д., профессор, полиция полковнигі Жанат Рахымжанқызы Ділбарханова;
- Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясы бастығының орынбасары, полиция полковнигі Мурат Қоныржанович Жакупбеков;
- Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясы бастығының орынбасары, философия докторы (PhD), полиция полковнигі Ернар Тасқынұлы Тасқын;
- Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясы бастығының орынбасары, философия докторы (PhD), полиция полковнигі Елнар Сейтханұлы Жакиянов;
- Қосымша білім бері факультетінің бастығы, з.ғ.к., полиция полковнигі Александр Герасимович Кан;
- Кәсіби даярлық факультетінің бастығы, полиция полковнигі Қанат Ахметұлы Мырзабеков;
- Жедел-іздістіру қызметі кафедрасының бастығы, полиция полковнигі Болат Темирбекұлы Байсентов;
- Құқық қорғау қызметін басқару кафедрасының бастығы, полиция полковнигі Майя Булатовна Токсанова;
- Қылмыстық құқық және криминология кафедрасының бастығы, философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор (доцент), полиция полковнигі Саида Айдарбековна Сейлханова;
- Қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының бастығы, з.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент), полиция полковнигі Айдос Абдрахманович Ескендіров;
- Әкімшілік-құқықтық пәндер кафедрасының бастығы, з.ғ.к., профессор, полиция полковнигі Тамара Муслимовна Коржумбаева;
- Киберқауіпсіздік және ақпараттық технологиялар кафедрасының бастығы, полиция подполковнигі Рашида Турсуновна Кадырова;
- Жалпы білім беру пәндері кафедрасының бастығы, з.ғ.к., Дина Нигматуллаевна Садуакасова;
- Әскери және тактикалық даярлық кафедрасының бастығы, полиция подполковнигі Арман Тасбулатұлы Абдахметов;
- Дене шынықтыру дайындығы кафедрасы бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Медет Темірханұлы Қойлыбаев;
- Ғылыми-зерттеу және редакциялық баспа жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Жансерик Жайшылыкович Сапаров;
- Жоспарлау және бақылау бөлімінің бастығы, философия докторы (PhD), полиция подполковнигі Ғалымжан Бауыржанұлы Чукумов;
- Кадр жұмысы бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Олжас Берикович Мурашбеков;
- Тәрбие жұмысы бөлімінің бастығы, полиция майоры Зульфия Мураталиевна Сураппаева;
- Оқу-әдістемелік орталығының бастығы, полиция полковнигі Индира Рахатовна Сағымбаева;
- Оқытудың ақпараттық-техникалық құралдары бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Ерлан Жумабекович Буашев;
- PhD докторантураның 2- курс докторанты, полиция подполковнигі Болат Досжанович Еркенов;

- Ғылыми-педагогикалық магистратураның 1- курс магистранты, полиция майоры Алмат Серікұлы Ахатбек;

- Кәсіби даярлық факультетінің 2- курс курсанты, қатардағы полиция Сұлтан Сапар.

**Төраға:** Кімде қандай сұрақ бар?

**Кеңес мүшелері:** Келісеміз.

### **Шешім:**

Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы Ғылыми кеңесінің жаңа мүшелері келесідей құрылсын:

Ғылыми кеңесі төрағасының орынбасары:

- Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясы бастығының орынбасары, з.ғ.к., профессор, полиция полковнигі Ержан Малаевич Бимолданов.

Ғылыми кеңестің хатшысы:

- Ғылыми кеңестің ғалым хатшысы, философия докторы (PhD), полиция полковнигі Абзал Абдисаттарович Абдихаликов.

Ғылыми кеңесінің мүшелері:

- Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясы бастығының орынбасары, з.ғ.д., профессор, полиция полковнигі Жанат Рахымжанқызы Ділбарханова;

- Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясы бастығының орынбасары, полиция полковнигі Мурат Қоныржанович Жакупбеков;

- Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясы бастығының орынбасары, философия докторы (PhD), полиция полковнигі Ернар Тасқынұлы Тасқын;

- Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясы бастығының орынбасары, философия докторы (PhD), полиция полковнигі Елнар Сейтханұлы Жакиянов;

- Қосымша білім бері факультетінің бастығы, з.ғ.к., полиция полковнигі Александр Герасимович Кан;

- Кәсіби даярлық факультетінің бастығы, полиция полковнигі Қанат Ахметұлы Мырзабеков;

- Жедел-іздістіру қызметі кафедрасының бастығы, полиция полковнигі Болат Темирбекұлы Байсеитов;

- Құқық қорғау қызметін басқару кафедрасының бастығы, полиция полковнигі Майя Булатовна Токсанова;

- Қылмыстық құқық және криминология кафедрасының бастығы, философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор (доцент), полиция полковнигі Саида Айдарбековна Сейлханова;

- Қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының бастығы, з.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент), полиция полковнигі Айдос Абдрахманович Ескендіров;

- Әкімшілік-құқықтық пәндер кафедрасының бастығы, з.ғ.к., профессор, полиция полковнигі Тамара Муслимовна Коржумбаева;

- Киберқауіпсіздік және ақпараттық технологиялар кафедрасының бастығы, полиция подполковнигі Рашида Турсуновна Кадырова;

- Жалпы білім беру пәндері кафедрасының бастығы, з.ғ.к., Дина Нигматуллаевна Садуакасова;

- Әскери және тактикалық даярлық кафедрасының бастығы, полиция подполковнигі Арман Тасбулатұлы Абдахметов;

- Дене шынықтыру дайындығы кафедрасы бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Медет Темірханұлы Қойлыбаев;
- Ғылыми-зерттеу және редакциялық баспа жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Жансерик Жайшылыкович Сапаров;
- Жоспарлау және бақылау бөлімінің бастығы, философия докторы (PhD), полиция подполковнигі Ғалымжан Бауыржанұлы Чукумов;
- Кадр жұмысы бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Олжас Берикович Мурашбеков;
- Тәрбие жұмысы бөлімінің бастығы, полиция майоры Зульфия Мураталиевна Сураппаева;
- Оқу-әдістемелік орталығының бастығы, полиция полковнигі Индира Рахатовна Сағымбаева;
- Оқытудың ақпараттық-техникалық құралдары бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Ерлан Жумабекович Буашев;
- PhD докторантураның 2- курс докторанты, полиция подполковнигі Болат Досжанович Еркенов;
- Ғылыми-педагогикалық магистратураның 1- курс магистранты, полиция майоры Алмат Серікұлы Ахатбек;
- Кәсіби даярлық факультетінің 2- курс курсанты, қатардағы полиция Сұлтан Сапар.

**Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы  
Алматы академиясы Ғылыми кеңесінің төрағасы  
қауымдастырылған профессор (доцент)  
полиция полковнигі**

**К. Кобландин**

**Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы  
Алматы академиясы Ғылыми кеңесінің төрағасы  
ғалым хатшысы, философия докторы (PhD)  
полиция полковнигі**

**А. Абдихаликов**